



БҰЙРЫҚ

18.04.2022 ж.
Кентау қаласы

ПРИКАЗ

№ 168/п
город Кентау

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс қызметін құру туралы

Қазақстан республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына, Түркістан облысының әкімі аппарат басшысының м.а. Д.Бектұрғановтың хатына және Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) 2020 жылы 30 желтоқсанда бекіткен «Квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс институтын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдары» (бұдан әрі-әдістемелік ұсынымдар) негізінде,
БҰЙРАМЫН:

1. «Кентау қалалық емханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорында сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс қызметі құрылсын.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс қызметін жүзеге асыруға жауапты ретінде Кентау қалалық емхана басшысының медициналық қызметтердің сапасын бақылау жөніндегі орынбасары Бузаубаков Сакен Кенисбекович тағайындалып, қызметтік нұсқаулығына құқықтары мен міндеттері енгізілсін.

3. Кентау қалалық емханасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплеанс қызметі туралы ережесі бекітілсін /№1 қосымша тіркеледі/.

4. Осы бұйрықтың орындалуын өз бақылауыма қалдырамын.

Басшы



Г.Мырзабеков